

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті шығыстану факультеті қытайтану кафедрасының PhD докторанты Мадиев Данияр Әріпбайұлының «6D020900 – Шығыстану(тарих ғылымдары)» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған «ҚХР-дың солтүстік-батыс шекара аймағын дамыту саясаты (1949-2015 жж.)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми

СЫН-ПІКІР

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және жалпы ғылыми, жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практикалық және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы.

Докторант Д.Ә. Мадиевтің «6D020900-Шығыстану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған «ҚХР-дың солтүстік-батыс шекара аймағын дамыту саясаты (1949-2015)» атты диссертациялық жұмысы қазіргі таңда өте өзекті, әрі тың тақырып. Әлемдік экономиканың жаһандануы және аймақтық интеграцияның дамуы мемлекеттердің сыртқы әлеммен байланысын кеңейтуге зор мүмкіндік жасады. Соңғы жылдары Қытай Коммунистік партиясының Орталық Комитеті және Мемлекеттік Кеңес елдің аймақаралық интеграциясын дамытуға, шекара өңірінің ашықтығы мен жедел дамуына баса назар аударып отыр.

Ізденуші Д.А.Мадиевтің диссертациялық зерттеу жұмысының басты нысаны ретінде, ҚКП Орталық комитеті мен Мемлекеттік кеңестің елдің солтүстік-батыс шекара аймағында 1949 жылдан бері қолданып келе жатқан әлеуметтік-экономикалық даму саясаты және XX ғасырдың басында басталған Батыс аймақты қауырт игеру стратегиялық жоспарының жүзеге асуы, шекара бойындағы ҚХР мен ҚР сауда-экономикалық байланыстарының дамуы мен перспективасы қарастырылады.

Қытайдың солтүстік-батыс шекара өңірінде орналасқан Шыңжаң Ұйғыр автономиялық ауданы – стратегиялық маңызы зор әкімшілік-аумақтық бірлік. Шыңжаңның шекара өңірі арқылы көрші мемлекеттермен көлік-транзиттік байланыс орнатудың әлеуеті зор. Шыңжаң ертеден-ақ Қытайдың Батысқа ашылған қақпасы іспеттес. Сондықтан, ҚХР-дың шекара өңірі болып табылатын Іле-Қазақ автономиялық облысы мен Бұратала-Моңғол автономиялық облысы аумағында диссертацияның хронологиялық шеңбері аясында орын алған тарихи оқиғаларға, реформалар мен «Батысты қауырт игеру» және «Жаңа Жібек жолы» секілді мемлекеттік бағдарламалардың нәтижесінде аймақтағы қол жеткен жетістіктер мен туындаған әлеуметтік мәселелерге талдау жасаудың маңызы зор.

Осы тұрғыдан алғанда, аталған аймақтың стратегиялық маңыздылығын айқындау, Қазақстанмен шекаралас өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы, инфрақұрылымның жаңғыруы, халықаралық сауда-экономикалық байланыстарын ұлғайту саясаты мен жүзеге асыру практикасының жүргізілу

барысы мен қол жеткізілген нәтижелерін зерттеу, диссертациялық тақырыптың өзектілігін айқындай түседі.

Диссертациялық жұмыста алынған жаңалық нәтижелерінің негізделуі мен дәйектелуі дұрыс, тұжырымдалған ой-пікірлер, түйіндер мен қорытындылар, ғылыми қағидалар негізді де дәлелді. Қазақ шығыстану ғылымында арнайы зерттеу нысанына айналмаған күрделі де тың тақырыпты зерттеу барысында тың ойлар айтып, жаңа көзқараспен салмақты ғылыми нәтижелерге қол жеткізген.

Докторант Мадиев Д.А. өз зерттеу тақырыбын жан-жақты меңгерген, көп жылғы ізденісі мен практикалық тәжірибесінің нәтижесі деуге болады. Әсіресе, ҚХР-дың шекара өңірінде атқарылып жатқан әлеуметтік-экономикалық реформаларының орындалу барысына жүргізілген сараптамада анықталған нәтижелерді, Қазақстанның осы аймақпен шекаралас өңірін дамыту саясатына үлгі ретінде қарастыруға болады.

Диссертация тақырыбына қатысты маңызды мәселелер жүйелі, бірізді қарастырылғандықтан зерттеу жұмысының ішкі бірлігі талапқа сай берілген. Сондықтан ізденушінің жасаған тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық дәрежесі жоғары. Зерттеу барысында қол жеткізілген нәтижелер мен тұжырымдар шекара, шекара аймағын дамыту теориясын дамытуға, әлеуметтік-экономикалық, саяси процестер салаларының теориялық мәселелерін шешуге, оның қағидаларын айқындауға өз деңгейінде үлес қоса алады.

Жазылған ғылыми жұмыс соңғы жылдары қолға алынып жатқан «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», «ҚР Білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» секілді бірқатар маңызды стратегиялық бағдарламалардың талабымен үндесіп жатыр.

Осы ретте, «6D020900-Шығыстану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған Мадиев Данияр Әріпбайұлының «ҚХР-дың солтүстік-батыс шекара аймағын дамыту саясаты (1949-2015)» тақырыбына жазылған диссертациялық жұмысы мемлекеттік бағдарламалардың басымдықтары мен сұраныстарына сәйкес келетін өзекті мәселеге арналған деуге әбден негіз бар.

2. Диссертацияға қойылатын талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері.

Жұмыс құрылымы жағынан алғанда, кіріспеден, төрт тараудан және қорытындыдан тұрады. Соңында пайдаланылған әдебиеттердің тізімі берілген. Тараулар мен тараушалардың мазмұны жалпылама шолудан гөрі нақты мәселелерге арналған. Мақсаты айқын, тұжырымды қорытындылар жасай алған. Диссертант қойылған міндеттерді шешу барысында бірнеше ғылыми нәтижелерге қол жеткізген:

- 1- нәтиже. ҚХР құрылғаннан бергі солтүстік-батыс шекара аймағының географиялық және этносаяси әлеуметтік ерекшеліктері аймақтың географиялық орны мен тарихи оқиғаларға талдау жасау арқылы анықталған;

- 2- нәтиже. Шыңжаңның солтүстік-батыс шекара өңірінің әлеуметтік экономикалық өзгерістерінің тарихи кезеңдері мен ерекшеліктерін анықтауға қадам жасалынған;
- 3- нәтиже. Шыңжаң шекара маңына орналасқан өндірістік-құрылыс корпусының (Бинтуанның) әскери-саяси қызметі сипатталып, оның өңірдің экономика және инфрақұрылым жүйесін дамытудағы рөліне баға берілген;
- 4- нәтиже. Шыңжаңда нарықтық экономикалық реформалардың жүргізілуі және тұрғындардың әлеуметтік әл-ауқатының жақсару деңгейі анықталған;
- 5- нәтиже. ҚКП ОК «Батысты қауырт игеру» стратегиялық жоспарының жүзеге асыру механизмдері және оның әлеуметтік нәтижелері қарастырылған;
- 6- нәтиже. Шыңжаңның әлеуметтік-экономикалық дамуы мен ұлтаралық қатынастардағы мәселелерге талдау жасалынған;
- 7- нәтиже. Шекара өңіріндегі заманауи инфрақұрылымдардың құрылысына және ҚХР-ҚР сауда-экономикалық байланыстарының дамуына талдау жасалынып, даму перспективалары айқындалған.

3. Ізденуші диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтиженің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық дәрежесі.

- 1- нәтиже шынайы және дәлелденген деуге болады. ҚХР-дың солтүстік-батыс шекара аймағы қашанда аз санды халықтардың ата-бабасынан тұрғылықты жері болып табылады, сондықтан осы аймақтағы әлеуметтік-экономикалық жағдайды жақсарту арқылы қауіпсіздікті сақтау ҚХР билігінің негізгі мақсаты;
- 2- нәтиже анық және дәлелденген болып табылады. ҚХР құрылған уақыттан бастап Шыңжаңның солтүстік-батыс шекара өңірінде орын алған тарихи оқиғалардың аймақтағы әлеуметтік-экономикалық жағдайдың қалыптасуына тікелей әсері болды;
- 3- нәтиже шынайы және дәлелденген, Шыңжаң «өндірістік-құрылыс корпусының» (Биньтуань) шекара өңіріндегі шаруашылық жүргізу, мемлекеттік шекара күзеті, аймақтағы қауіпсіздікті сақтау қызметінің саяси-экономикалық маңызы зор;
- 4- нәтиже шынайы және дәлелденген, ҚКП басшылығы мен Мемлекеттік Кеңес ШҰАА елдің дамыған шығыс өлкесімен сауда-экономикалық байланыстарын арттыруға ерекше көңіл бөліп отыр. Аймақтар арасындағы даму деңгейіндегі айырмашылықтарды жою арқылы Шыңжаң халқының әл-ауқатын арттыру мен ұлтаралық алауыздықтың алдын алуды көздейді;
- 5- нәтиже шынайы және дәлелденген, Қытай билігінің XX ғасырдың басында басталған «Батысты қауырт игеру» стратегиялық жоспарының аясында – Шыңжаңның әлеуметтік-экономикалық даму бағдарламасы жүзеге асырылып отыр;

- 6- нәтиже шынайы және дәлелденген, Соңғы жылдары Шыңжаңның экономикалық даму деңгейі артып, жергілікті халықтың жағдайы біршама жақсарғанмен, шешілмеген әлеуметтік мәселелер ұлтаралық қақтығыстардың туындауына себеп болуда;
- 7- нәтиже шынайы және дәлелденген, Қытайдың сыртқы сауда байланыстарын арттыруда Шыңжаңның геоэкономикалық әлеуеті ерекше және шекара өңірінде жүргізіліп жатқан инфрақұрылым құрылысы, шекаралық бекеттер мен еркін экономикалық аймақтардың қызметі оның геостратегиялық маңызын арттыра түседі.

4. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиже (қағида) мен қорытындының жаңашылдық деңгейі.

Ізденуші Мадиев Даниярдың диссертация жұмысының жаңашылдығы ретінде, аталған аймақтың отандық және шетелдік ғылымда жекелей қарастырылмаған, берілген жұмыста алғаш рет Қытай билігінің солтүстік-батыс шекара өңірінде жүргізген әлеуметтік-экономикалық саясатын кешенді түрде зерттеуге арналған тың еңбек екенін атап өтуге болады.

- 1- нәтиже – жаңашылдығы жоғары, өйткені ҚХР құрылғаннан бергі солтүстік-батыс шекара аймағының әлеуметтік-экономикалық даму барысын зерттеу отандық ғылымда алғаш рет зерттеу нысанына айналып отыр;
- 2- нәтиже – жаңашылдығы жоғары, өйткені аталған кезең барысында Шыңжаңның солтүстік-батыс шекара өңірінде ХХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХІ ғасырдың басында орын алған тарихи оқиғалар мен олардың өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму үдерісіне ықпалын анықтау үшін жан-жақты талдау жасалған;
- 3- нәтиже – жаңа болып табылады, Шыңжаң шекара маңына орналасқан өндірістік-құрылыс корпусының (Бинтуанның) өңірдегі экономикалық және қауіпсіздік мәселесін шешудегі рөліне сараптама жасалып, оның саяси-әскери қызметіне талдау жүргізілген;
- 4- нәтиже – жаңа болып табылады, ҚХР билігі тарапынан Шыңжаңда нарықтық экономикалық реформалардың жүргізілуі және тұрғындардың әлеуметтік әл-аухатын жақсарту мақсатында қолға алынып жатқан стратегиялық маңызды шаралар мен бағдарламалардың орындалу барысы сарапталған;
- 5- нәтиже – жаңашылдығы жоғары, ҚКП ОК «Батысты қауырт игеру» стратегиялық жоспарының аясында жүзеге асырылып жатқан «Шыңжаңды қауырт игеру» бағдарламасының талаптары және оның әлеуметтік нәтижелері анықталған;
- 6- нәтиже – жаңа болып табылады, Шыңжаңның әлеуметтік-экономикалық жағдайының артуы мен жергілікті халықтың тұрмысының жақсаруына карамастан орын алып отырған ұлтаралық қатынастардағы мәселелердің шығу себептеріне талдау жасалынған;

7- нәтиже – жаңа болып табылады, өйткені шекара өңіріндегі заманауи инфрақұрылымдық нысандар мен арнайы экономикалық аймақтар құрылысының ҚХР-дың көрші мемлекеттермен, оның ішінде ҚР сауда-экономикалық байланыстарын арттырудағы маңызына сараптама жасалынған.

5. Алынған нәтижелердің практикалық және теориялық маңыздылығы.

Аталмыш тақырып бағытындағы зерттеу бүгінгі таңда отандық ғылымда теориялық жағынан да, практикалық тұрғыдан да аса маңызды. Зерттеу жұмысында алынған ғылыми нәтижелер мен түйіндемелер «Шығыстану», «Халықаралық қатынастар», «Аймақтану», «Саясаттану» ғылымдарының теориялық-әдіснамалық қырларын жүйелеуде ерекше рөл атқарады деп есептейміз. Сонымен қатар, «Шығыстану», «Халықаралық қатынастар», «Аймақтану», «Саясаттану» мамандықтары бойынша оқулықтар мен оқу құралдарын жазуға, семинарлар өткізуге, арнайы курстар дайындауда қосымша құрал ретінде пайдалануға жарамды. Және де, зерттеу нәтижелерін ҚР мен ҚХР арасындағы қатынастарды жүзеге асыратын мемлекеттік құзырлы органдардың, Сыртқы істер министрлігінің, дипломатиялық қызметкерлердің өз қызметтерінде пайдалануына болады.

6. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткіліктігіне растама.

Мадиев Данияр Әріпбайұлының диссертациялық жұмысының негізгі тұжырымдары мен қорытындылары 7 ғылыми мақалада жарияланды. Соның ішінде, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласын бақылау комитеті ұсынған журналдарда 3 мақала, Scopus мәліметтер базасына кіретін халықаралық ғылыми журналда 1 мақала, халықаралық ғылыми конференциялардың жинақтарында 3 мақала жарияланды. Жұмыс тиісті сыннан толық әрі сәтті өткен.

7. Диссертация мазмұнындағы және рәсімдеуіндегі кемшіліктер мен ұсыныстар.

Осы диссертациялық зерттеудің артықшылықтарын жоққа шығармай, ізденуші кейбір кемшіліктерге назар аударғаны жөн:

1. Диссертациялық жұмыста статистикалық мәліметтерге қатысты, сондай-ақ басқа да құбылыстардың даму үдерісін айқындап, талдау жасауға мүмкіндік беретін иллюстрациялық материалдар (диаграмма, кесте, сызба т.с.с) пайдаланылмаған.

2. Диссертациялық зерттеу жұмысында еркін экономикалық аймақтардың қызметіндегі екіжақты байланыстар дамуын тежейтін мәселелер мен оларды шешу жолдары қысқаша көрсетілген, алайда осы тақырыпқа жеке бір тарауша арналған болса жұмыстың практикалық маңызы арта түсер еді.

Жалпы алғанда, диссертация мақсат-міндеттері нақты айқындалып, кешенді түрде зерттелген аяқталған ғылыми жұмыс болып табылады, сондықтан аталған ұсыныстар мен ескертулер Д.А. Мадиевтің зерттеу жұмысының мазмұны мен

ғылыми нәтижелерінің құндылығын төмендетпейді. Жұмыстың орындалуы диссертацияларға қойылатын теориялық-әдіснамалық талаптарға жауап береді. Ұсынылып отырған зерттеу жұмысының мазмұны заман талабына толық сәйкес келеді. Диссертацияда қамтылған әрбір тақырып бойынша жүйелі түсінік беріліп, қорытындыланған.

8. Диссертация мазмұнының Ғылыми дәреже беру ережелерінің талаптарына сәйкестігі.

Мадиев Данияр Әріпбайұлының «6D020900 – Шығыстану(тарих ғылымдары)» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған «ҚХР-дың солтүстік-батыс шекара аймағын дамыту саясаты (1949-2015жж.)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы жоғары дәрежеде жазылған, аяқталған жұмыс болып табылады. Диссертациялық жұмыстың өзектілігі, қолданылған деректердің сапасы мен көлемі, зерттеу тәсілдері мен ғылыми жаңашылдығы, практикалық маңыздылығы жоғары деңгейде келтірілген.

Диссертациялық зерттеу жұмыс Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Білім мен ғылым саласындағы бақылау комитетінің «Ғылыми дәреже беру ережесінің» талаптарына толық сәйкес келеді және оның авторы Мадиев Данияр Әріпбайұлы «6D020900 – Шығыстану(тарих ғылымдары)» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға толықтай лайық деп есептеймін.

Ресми рецензент,
тарих ғылымдарының кандидаты,
Абылайхан атындағы Қазақ халықаралық
қатынастар және әлем тілдері университеті
шығыстану факультетінің доценті



М.А. Омарова

15.01.2021ж.

Қойылған *М.А. Омарованың*
қолтаңбасын растаймын
Кадрлар бөлімінің инспекторы
Подпись *Омарова М.А.* заверяю
Инспектор отдела кадров *М.А.*